



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, БОЛАШАҒЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР

ЖИНАҒЫ

17 сәуір, 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ НАВЫКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ»

17 апреля, 2024 года



АСТАНА
2024

УДК 378
ББК 74.58
Т66

Асылбекова М.П

**«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР,
БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-337-983-8

Т66 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (Астана қ., 17 сәуір, 2024ж.)/ М.П.Асылбекова.© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024., - 311б.

ISBN 978-601-337-983-8

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Трансверсальные навыки: опыт, проблемы, перспективы».

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-337-983-8

© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024 -ISBN

Редакция алқасы:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

МАЗМҰНЫ

№	Автор(лар), мақала тақырыбы	Беттер
Пленарлық мәжіліс		
1	Асылбекова М.П., Отарова Т.Н. Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамыту тәжірибесі	3
2	Mourat Tchoshanov Designing and studying stem learning in digital age via blended approach of engineering, learning sciences, and and didactics	9
3	Ширбачеева Г.Ш. Педагогические вызовы современности: поиск новых подходов к образованию в социокультурной ситуации	12
4	Вахидова Л. В. Теория и технология профессионального развития педагога в контексте трансверсальности	15
5	Кожамкулова Г.Е. Интеграция трансверсальных навыков в содержание куррикулума» (на примере курррикулума Назарбаев Интеллектуальных школ)	20
6	Садикова Ш.А. Теоретико-методологические представления об образовательной среде и основаниях ее проектирования	25
7	Ахмедьянова А.Х. Демонстрация как инструмент оценки профессиональных и трансверсальных компетенций будущих педагогов	30
8	Санатбай П.А. Кәсіби даярлау үдерісінде Soft skills дағдыларын дамыту: шетел тәжірибесі	33
9	Шабаева Г. Ф., Яшина В. И., Чинаева З. М. Инновационная подготовка студентов в полилингвальной и цифровой профессиональной среде по дошкольному профилю в рамках речевого развития детей.	39
10	Baimuldinova G. Thriving in transition: how transversal skills support students in university socium	43
1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ		
11	Сейітказы П.Б., Махмут Читиль, Ырымбаева Н.А. Медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту	51
12	Абильдина С.Қ., Мукушева А.Н., Дагарова Ж.У. Шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамытудың теориялық негіздері	55
13	Абдуллаева Н. М. Тенденции развития образования на современном этапе образовательного процесса	58
14	Абдуллаева Н. М., Шербачеева Л.С. Использование технологий 4К для стимулирования ученической мотивации	62
15	Сламбекова Т.С., Шакаримова К. К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсальды дағдылардың мүмкіндіктері	66
16	Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д., Аубакиров А.К. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру - басты міндет	72
17	Ботабаева А.Е., Ажибаева Р. Е. Болашақ педагогтердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыруда онлайн оқыту платформаларын пайдаланудың маңыздылығы	77
18	Сейітказы П.Б., Кошанова М. Т. Медиа құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық функциялары	81
19	Шаханова Э.А. Педагогикалық білімнің қолданылу ерекшеліктері	86

20	Otarova T. N., Zhanabaeva A.K. The importance of internet resources in learning	90
47	Молдабай А.М., Саурыкова Ж.М. Issues of terminology systematization»	190
48	Салкынбаева А.М. Тиімді оқыту және тәлімгерлік құпиялары	192
49	Тнимова Ю.М., Нурманалиева У.Т. Compound complex sentences in the english language	196
50	Seisebayeva B.T.,Tolkumbekova A. K. «E-learning as one of the forms of implementation of the learning process»	198
51	Seisebayeva B.T. Peculiarities of development of modern methods in foreign language teaching	202
52	Seitova Z.A. The study relevanceof future teachers’ social intelligence	207
53	Toregeldieva A. N., Tulebayeva S.K. Using a foreign language in information technology in modern conditions	212
54	Хасенқызы Т., Акрамова Ә.С. Білім беруді цифрландырудағы тәуекелдер	215
55	Аканова А. А., Искакова М. О. Оқытудың белсенді әдістері – сапалы білім беру негізі	221
56	Гайбуллаева С. С., Уалиева Н. Жастармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	224
57	Калматаева А. М., Калымбетова Д. Ж. Церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған логопедиялық түзету жұмыстарының әдістемесі	229
58	Кошимбетова З. Д., Наурызбай Д. Б., Абдигаппарова А.Е. Вербализм вербальды балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар	233
59	Санбаева Б., Есенова К. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях Казахстана и Турции: вызовы, стратегии и перспективы»	235
60	Рсалы Г. М.Даярлық тобы балаларын мектепке дайындау мәселелері	243
61	Кәдірбай Ә. Б., Шамбулкерева Б.Н., Нұрхан Д. Е. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері	247
62	Дарменова А.Е Цифрлану жағдайында білім алушылардың трансверсалды дағдыларын дамытудың маңыздылығы	252
63	Аликулова С. А., Болатқызы А. Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы	257
64	Гайбуллаева С. С., Алыбай Ж. Жасөспірімдік агрессия – әлеуметтік-педагогикалық мәселе	261
65	Байқоңырова Ж. Балалардағы дизартрия бұзылысына жалпылама сипаттама	265
66	Ахметова Т.Ш. Интертеймент технологиясының заманауи білім берудегі маңызы	268
3 СЕКЦИЯ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БҮЙІНШІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ		
67	Сламбекова С.Т. Дарынды балалардың әлеуметтік - эмоционалды әл-ауқатын психологиялық қолдаудың ерекшеліктері	273
68	Ныгманбеков К. М. Педагогтердің кәсіби даму мониторингін зерделеу арқылы даму жоспарын әзірлеу	276
69	Мамыракина Ф. С. Тіл сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативті жазылым дағдыларын дамыту»	280
70	Шаханова Э.А., Сманова Л.У. Влияние стиля воспитания на специфику семейных конфликтов в подростковом возрасте	290
71	Ыбырайқызы А., Нұғыманова Н. Ә. Ертегі - халық педагогикасының көне жауһары	297
72	Тусипжанов Б.А. Кемпіркосақ» бейнелеу өнері үйірмесі	301
73	Аханова А. К. Мағжанның маржан мұрасы	304

АУТИСТ БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДА ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУЫ

Ульярова Самал Орынғалиевна

samal-nice@mail.ru

Магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Аннотация. Мақала әлеуметтік-педагогикалық қолдауда аутизмі бар балалардың ата-аналарында трансверсалды дағдыларды дамытудың рөлі мен маңыздылығын зерттеуге арналған. Аутизм – бұл балалардың оқу, әлеуметтену және қоршаған ортаға бейімделу қабілеттеріне әсер ететін неврологиялық бұзылыс. Мұндай балалардың ата-аналары көбінесе балаларына тиімді қолдау көрсету және өздерінің эмоционалдық және психологиялық қиындықтарымен күресу үшін арнайы құзыреттерді қажет ететін ерекше қиындықтарға тап болады. Мақалада эмпатия, өзін-өзі ынталандыру, топтық жұмыс, стрессті басқару, шығармашылық ойлау және т.б. сияқты трансверсалды дағдыларды дамытудың негізгі аспектілері және олардың аутизмі бар балалардың ата-аналарына тиімді әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетудегі рөлі қарастырылады.

Annotation. This article is devoted to the study of the role and significance of transversal skills development in parents of children with autism in the context of socio-pedagogical support. Autism is a neurological disorder that affects children's abilities to learn, socialize, and adapt to the environment. Parents of these children often face unique challenges that require specialized competencies to effectively support their children and cope with their own emotional and psychological difficulties. This article discusses the main aspects of developing transversal skills, such as empathy, leadership, teamwork, stress management, creative thinking, and others, and their role in providing effective socio-educational support for parents of children with autism.

Түйін сөздер: аутизм, аутист балалардың ата-аналарын әлеуметтік-педагогикалық қолдау, трансверсалды дағдылар

Keywords: autism, socio-educational support for parents of autistic children, transversal skills

Аутизммен ауыратын балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау қазіргі қоғамның өзекті және маңызды мәселесі болып қала береді. Баладағы аутизм диагнозы ата-аналар үшін, жалпы отбасы мен отбасының әр мүшесі үшін қиындық туғызады. Білім беру мен тәрбие саласында да, әлеуметтік бейімделуде де туындайтын қиындықтар кешенді тәсіл мен тиімді қолдауды талап етеді. Бұл тапсырма аутист балалармен жұмыс істеудің кәсіби әдістеріне ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың құзыреттерін дамытуға да көп көңіл бөледі. Яғни баласына тиімдірек көмек көрсетуге және өздерінің эмоционалдық және психологиялық қиындықтарын жеңуге мүмкіндік беруімен айқындалады.

Осы орайда әлеуметтік-педагогикалық қолдау контекстінде аутизмі бар балалардың ата-аналарында трансверсалды дағдыларды дамытудың маңыздылығы артады. Трансверсалды дағдылар, сондай-ақ жұмсақ дағдылар ретінде белгілі, сыртқы әлеммен сәтті қарым-қатынас жасау үшін қажетті негізгі құзыреттерді білдіреді. Оларға қарым-қатынас дағдылары, өзіндік мотивация, ұжымдық жұмыс, өзін-өзі реттеу және т.б. кіреді. Аутизмі бар балалардың ата-аналары жағдайында бұл дағдыларды дамыту – қолдау процесінің ажырамас бөлігіне айналады. Өйткені бұл ата-аналарға баласын оқытуды, тәрбиелеуді және оңалтуды тиімді ұйымдастыруға, сондай-ақ осы процеске байланысты қиындықтар мен стресстерді сәтті жеңуге көмектеседі.

Аутизмі бар балалардың ата-аналарын әлеуметтік-педагогикалық қолдаудағы трансверсалды дағдылардың рөлін талдау, олардың дамуының негізгі аспектілерін және оларды отбасылардың осы санатымен жұмыс істеуде қолданудың практикалық әдістерін анықтаумен сипатталады.

Аутизм (латынның *autos* сөзінен – «өзі», аутизм – өзін - өзі сіңіру) - бұл, ең алдымен, әлемді қабылдаудың психикалық ерекшелігі. Мұндай балалар басқалармен көз байланысын болдырмайды, бұлшықет тонусының жоғарылауымен ерекшеленеді. Бұл диагноздағы балалардың мінез-құлқында тіпті жақын адамдармен физикалық байланыста болудан аулақ болу тенденциялары басым. Балалар эмоцияларды көрсетуде қиындықтарға тап болып, күнделікті өмірде өте талғампаз, бірақ олардың таңдауы айналасындағыларға түсініксіз негізде жүреді (мысалы, олар белгілі бір формадағы тағамды жақсы көреді; белгілі бір түсті киім киеді; әрқашан бірдей жолмен жүреді) [1].

Сонымен қатар аутизмнің ең жарқын көрінісі ретінде жалғыздыққа, оқшаулануға, кез-келген әлеуметтік байланыстарға, қарым-қатынасқа деген қызығушылықтың болмауымен анықталады. Мимика мен қимыл-ишараның аз көрініс табуы және өзгелердің эмоционалды күйлерін түсіну, өз эмоциялары мен сезімдерін білдіру қиынға соғады. Сондай-ақ стереотиптік қозғалыстар мен моторлық әрекеттер, сөйлеу стереотиптері бірсарынды күйді сақтауы тән.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының берген анықтамасы бойынша – аутизм, оны аутизм спектрінің бұзылуы деп те атайды, мидың даму ерекшеліктеріне байланысты патологиялық жағдайлардың әр түрлі тобы. Аутизммен ауыратын адамдарға күтім жасау физикалық және әлеуметтік орта мен қарым-қатынасқа қол жетімді, инклюзивті және қолайлы сипат беру үшін жергілікті және бүкіл қоғам деңгейіндегі әрекеттермен бірге жүруі керек [2].

Осыған байланысты ДДҰ-ның күш-жігері келесі аспектілерге бағытталған [2]:

аутизмі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін елдер үкіметтерінің мақсатты шараларын қабылдауына жәрдемдесу;

аутизм мәселесін физикалық және психикалық денсаулықты, ми денсаулығын сақтаудың және мүгедектерге көмек көрсетудің кең контекстінде шешуге бағытталған саясат шаралары мен іс-қимыл жоспарларына қатысты ұсыныстар әзірлеу;

аутизмі бар адамдарға тиісті және тиімді күтім жасауды қамтамасыз ету және олардың денсаулығы мен әл-ауқатының оңтайлы деңгейіне қол жеткізу саласында медицина қызметкерлерінің мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектесу;

аутизмі және басқа да даму кемістігі бар адамдар үшін инклюзивті және қолайлы орта құруға жәрдемдесу және оларға күтім жасайтын адамдарға қолдау көрсету.

Жоғарыда атап өткендей, аутизммен ауыратын балалар ерекше көмекті қажет ететінін ескеріп, осы балалардың ата-аналары назар мен қолдауды қажет ететінін, сондай-ақ қиындықтарға жиі тап болаты қазіргі қоғамда айқын байқалады.

Аутизмі бар балалар ерекше қолдауды қажетсінеді, өйткені бұл неврологиялық бұзылу олардың оқу, әлеуметтену және қоршаған ортаға бейімделу қабілеттеріне әсер етеді. Мұндай балалардың ата-аналары көбінесе оқшаулану сезіміне, күйзеліске және балаларына қалай көмектесуге болатыны туралы ақпараттың жетіспеушілігіне тап болады.

Аутизмі бар балалардың ата-аналарына көмектесуде әлеуметтік-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады. Ол денсаулыққа байланысты ақпарат беруді, аутист балалармен қарым-қатынас дағдыларын үйретуді, білім беру мен оңалту мәселелерін шешуде қолдауды және ата-аналарға эмоционалды қолдауды қамтиды.

Қолдау шаралары аутизмі бар балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелерін талқылайтын ата-аналарға арналған топтық сессияларды ұйымдастыруды, сондай-ақ жеке кеңестер мен ұсыныстар беруді қамтуы мүмкін. Сонымен қатар, мамандандырылған қызметтер мен ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін білім беру мекемелерімен және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық маңызды.

Аутизмі бар балалардың ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық қолдау олардың балаларының толыққанды дамуын қамтамасыз етуде және бүкіл отбасының осы неврологиялық бұзылыстың ерекшеліктеріне бейімделуіне ықпал етуде маңызды рөл атқарады. Қолдау бағдарламаларын дамыту және кеңейту, сондай-ақ аутизмі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың алдында тұрған проблемалар туралы қоғамның хабардарлығын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру қажеттілігі артуда. Мұндай балалардың ата-аналары балаларын тиімді қолдау және өздерінің эмоционалдық және психологиялық қиындықтарымен күресу үшін арнайы құзыреттерді қажет етеді.

Осы орайда әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында аутизмі бар балалардың ата-аналарында трансверсалды дағдыларды дамыту маңызды орын алады.

Трансверсалды дағды, әдетте белгілі бір жұмысқа, тапсырмаға, академиялық пәнге немесе білім саласына байланысты емес деп саналатын және әртүрлі жұмыс жағдайлары мен шарттарда қолданылуы мүмкін дағдылар [3].

ЮНЕСКО деректерінде трансверсальды дағдылар – адамдардың өзгерістерге сәтті бейімделу, мағыналы және өнімді өмір сүру үшін сұранысқа ие бола бастағанымен сипатталады. Оған келесі дағдыларды қарастырады [4]:

Сыни және инновациялық ойлау;

Тұлғааралық дағдылар (мысалы, презентация және қарым-қатынас дағдылары, ұйымдастырушылық қабілеттер, топтық жұмыс және т. б.);

Тұлғаишілік дағдылар (мысалы, өзін-өзі тәрбиелеу, ынта, табандылық, өзін-өзі ынталандыру және т. б.);

Жаһандық азаматтық (мысалы, төзімділік, ашықтық, әртүрлілікті құрметтеу, мәдениетаралық түсінік және т. б.);

Медиа және ақпараттық сауаттылық, мысалы, ақпаратты табу және оған қол жеткізу, медиа мазмұнды талдау және бағалау мүмкіндігі.

Бүгінгі күнгі зерттеулер мен еңбектерде кездесетін трансверсалды дағдыларды құраушылар келесі суретте жүйеленіп берілген:



Сурет -1. Трансверсалды дағдылардың бағыттары мен құраушылары

Демек трансверсалды дағдылар бұл әдетте кез келген жұмыс, оқу немесе өмірлік қызметте тиімді әрекет ету үшін қажет және құнды деп саналатын қабілеттер. Бұл дағдыларды адам өзінің өмірлік тәжірибесінен және әртүрлі жағдайлар нәтижесінен жинақтайды. Олар адамның өмір салтының бір бөлігі ретінде әр түрлі контекстерде күн сайын кездесетін жағдайлармен қатынаста және оларды басқару қабілетімен байланыста болады. Тиімді пайдаланған жағдайда, өзгелермен ынтымақтастық қарым-қатынасын құруға,

ұжымдық жұмысты жақсартуға, күрделі немесе стрессті жұмыс жағдайларын басқаруға және мәселелердің жаңа және шығармашылық шешімдерін табуға мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу тақырыбы аясында аутист балалардың ата-аналарын әлеуметтік-педагогикалық қолдауда трансверсалды дағдыларды дамыту маңыздылығын келесідей қарастырамыз:

1. Эмпатия және тиімді қарым-қатынас.

Аутист балалардың ата-аналарында эмпатия және тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту әлеуметтік-педагогикалық қолдауда шешуші рөл атқарады. Сондай-ақ, мамандар әр отбасының ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, түсіністік пен қолдау көрсетуі маңызды.

2. Ұйымдастыру дағдылады.

Аутизмі бар балалардың ата-аналары көбінесе шешім қабылдауды және отбасылық өмірін ұйымдастыруды қажет ететін жағдайға тап болады. Демек, ұйымдастыру дағдыларын дамыту оларға баласының медициналық және білім беру үдерісін үйлестіруде көмектеседі.

3. Ұжымдық жұмыс және ынтымақтастық.

Аутизм мамандары мен ата-аналар баланың игілігі үшін топ болып бірге жұмыс істейді. Ұжымдық жұмыс істеу және ынтымақтастық дағдыларын дамыту баланы тиімдірек қолдауға және ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді.

4. Стрессті басқару және өзіндік тиімділік.

Аутист балалардың ата-аналарын қолдауда өзін-өзі басқару және стрессті тиімді басқару қабілеті маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік педагогтар ата-аналарға осы дағдыларды дамытуға көмектесіп, кездесетін қиындықтарды тиімді шешуде әсер етеді.

5. Шығармашылық ойлау.

Аутист балалардың ата-аналары стандартты емес тәсілдермен шешуді қажет ететін ерекше жағдайларға тап болуы ықтимал. Шығармашылық ойлауды дамыту ата-аналарға баласын қолдаудың инновациялық және тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

6. Белгісіздік жағдайында шешім қабылдау.

Аутист балалардың ата-аналары белгісіздік жағдайларға тап болуында тиімді шешім қабылдау дағдыларын дамыту, жаңа жағдайларға тиімді жауап беруге және қажетті шараларды тез қабылдауға көмектеседі.

7. Өзін-өзі реттеу және эмоционалды тұрақтылық.

Ата-аналарға өзін-өзі реттеу және эмоцияларын басқару дағдыларын дамытуға көмектесу маңызды. Бұл оларға стресстік жағдайларда тыныштық пен тиімділікті сақтауға мүмкіндік беріп, балаға қолдау көрсету қабілетіне оң әсер етеді.

8. Позитивті қарым-қатынас орнату және балаға қолдау көрсету.

Аутист балалармен тиімді жұмыс істеу үшін ата-аналардың баламен жағымды қарым-қатынас орнату дағдыларын дамыту қажет. Яғни, оларды қолдауда сүйіспеншілік пен қамқорлық білдіру, баланың мінез-құлқы мен қарым-қатынасының ерекшеліктерін түсіну және оның жетістіктерін ынталандыру қарастырылады.

9. Ата-ананың бейімделу стратегияларын дамыту.

Ата-аналарға баласының ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ата-ананың бейімделу стратегияларын дамытуға көмектесу маңызды. Бұл өзгеретін жағдайларға бейімделуді, ресурстарды іздеуді және қолдауды, баланың жеке қажеттіліктеріне негізделген іс-әрекет жоспарларын құруды қамтиды.

10. Өзін-өзі ынталандыру дағдыларын дамыту.

Ата-аналарға өзін-өзі тиімділік пен өзін-өзі ынталандыру дағдыларын дамытуға көмектесу, оларға баласын тәрбиелеу, қолдау процесінде ынталы және сенімді болуға көмектеседі. Бұл бүкіл отбасының өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ететін қолдаудың маңызды аспектісі.

Қарастырып отырған мүмкіндіктер аутизмі бар балалардың ата-аналарында трансверсалды дағдыларды дамыту аспектілерін толықтыруға, әлеуметтік-педагогикалық қолдау тәсілін байытуға және осы ерекше қиындықтарға тап болған отбасылардың дамуы

үшін толық және тиімді орта құруға көмектеседі.

Қорытындылай келе, аутизмді бар балалардың ата-аналарында трансверсалды дағдыларды дамыту олардың балаларының толық дамуын қамтамасыз етуде және бүкіл отбасының осы аутизм ерекшеліктеріне бейімделуіне ықпал етуде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, ата - аналардың трансверсалды дағдыларын дамыту ұзақ және үнемі жетілдіруді қажет ететін үдеріс екенін атап өткен жөн.

Жалпы, аутизмді бар балалардың ата-аналарында трансверсалды дағдыларды дамыту әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады, ол отбасылардың өмір сүру сапасын жақсартуға және оның ерекшеліктеріне қарамастан әр баланың дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Мачурина Т.Н. Детский аутизм: диагностика, терапия, реабилитация // International Scientific Review № 20(30), – 2016
2. <https://scientific-conference.com/h/sborniki/psikhologicheskie-nauki9/643-detskij-autizm-diagnostika-terapiya-reabilitatsiya.html>
3. The Official Website of the World Health Organization. <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/autism-spectrum-disorders>
4. Международный центр технического и профессионального образования и обучения ЮНЕСКО-NEVOC. <https://unevoc.unesco.org/home/TVETipedia+Glossary/lang=en/show=term/term=transversal+skills>
5. UNESCO Education Policy Brief. Skills for holistic human development. (Vol.2), – 2014

УДК 378.142

INDEPENDENT WORK OF STUDENTS AND ITS PLACE IN THE EDUCATIONAL PROCESS AS A FACTOR IN INCREASING THE EFFECTIVENESS OF LEARNING

Уревская Татьяна Григорьевна

Tatyana-Y.70@mail.ru

старший преподаватель кафедры «Практические иностранные языки»

Сембекова Умит Досаевна

Umit_Sembekova@mail.ru

старший преподаватель кафедры «Практические иностранные языки»

Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати

г. Тараз, Казахстан

Аннотация: В статье рассматриваются сущность, роль и место самостоятельной работы студентов в организации учебного процесса, планировании и учете студентами своей самостоятельной работы, поскольку в процессе планирования решаются вопросы обратной связи между студентами и кафедрами. Студенты должны своевременно информировать кафедру о фактическом времени, затраченном на выполнение заданий. Кафедры анализируют информацию о студентах и в случае отклонения фактического времени, затрачиваемого на выполнение заданий, от запланированного, принимают решения об изменении объема или сложности заданий.

Аннотация: Мақалада оқу процесін ұйымдастырудағы студенттердің өзіндік жұмыстарының мәні, рөлі мен орны, студенттердің өздік жұмысын жоспарлау және есепке алу қарастырылады, өйткені жоспарлау процесінде студенттер мен кафедралар арасындағы